Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылғы 5 қыркүйек №4712-23-00-2/2424 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Борашева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық іс қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің "Оқушы Орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Койланова Лаура Темиртасовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
айыппұл өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1, 267-4 -баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің "Оқушы Орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жауапкер жеке кәсіпкер Койланова Лаура Темиртасовна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және айыппұл өндіру туралы талабы– қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Койланова Лаура Темиртасовнаны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Койланова Лаура Темиртасовнадан мемлекет пайдасына 576 (бес жүз жетпіс алты) теңге айыппұл және 1 742 (бір мың жеті жүз қырық екі) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған

сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.А.Борашева

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 06.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 17.10.2023, судья Борашева А. А., 19.10.2023

4712-23-3-1/2465